

А.Ш. ӘБДИМОМЫНОВА,¹

Ә.Ғ.К., доцент.

Г.Е. ТАЛАПБАЕВА,¹

Ә.Ғ.К.

Ж.Н. ЕРНИЯЗОВА,¹

Ә.Ғ.К.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университеті¹

ӨНІРЛЕРДЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСҚАРУ

Андатпа

Қазіргі әлемдік экономиканың дамуы интернационализация және ырықтандыру процестерінің айтарлықтай жылдамдығымен сипатталады. Халықаралық экономикалық қатынастар мен ұлттық экономиканың ашықтық, жариялылық дәрежесі артып келеді. Бұл әр түрлі мемлекеттің ішкі нарығына сырттан инвесторлардың кіруіне, кедергілердің азаюына алып келеді. Сол үшін барлық мемлекеттердің алдына қойған маңызды тапсырмасы отандық кәсіпорындар мен өндірістердің шетелдік әріптестерінен озып, ішкі және сыртқы рынокта позицияларын күшейту мүмкіндіктерін іздеу болып табылады. Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді теңестіретін үздіксіз оң өзгерістердің динамикалық үрдісін көздейтін тұрақты даму парадигмасы аумақтық бөлшектердің, соның ішінде Қазақстан өңірлерінде мәселелерді шешу жолдарын қалыптастырудың негізіне айналуы тиіс. Аталмыш аспект бүгінгі таңда ерекше көкейкесті, өйткені қазір экономикалық реформалардың орталығы өңірлерге беріледі және олардың елдің экономикалық саясатын жүзеге асырудағы рөлін арттырады. Дағдарысқа қарсы тұру жағдайында өңірдің экономикалық көрсеткіштерді жақсарту негізінде ғана тұрақты болып санала алмайды.

Тірек сөздер: аймақтық саясат, стратегия, реформалар, тұрақты даму, бақылау, факторлар, инвестициялар.

Қазіргі әлемдік экономиканың дамуы интернационализация және ырықтандыру процестерінің айтарлықтай жылдамдығымен сипатталады. Халықаралық экономикалық қатынастар мен ұлттық экономиканың ашықтық, жариялылық дәрежесі артып келеді. Бұл әр түрлі мемлекеттің ішкі нарығына сырттан инвесторлардың кіруіне, кедергілердің азаюына алып келеді. Сол үшін барлық мемлекеттердің алдына қойған маңызды тапсырмасы отандық кәсіпорындар мен өндірістердің шетелдік әріптестерінен озып, ішкі және сыртқы нарықта позицияларын күшейту мүмкіндіктерін іздеу болып табылады.

Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді теңестіретін үздіксіз оң өзгерістердің динамикалық үрдісін көздейтін тұрақты даму парадигмасы аумақтық бөлшектердің, соның ішінде Қазақстан өңірлерінде мәселелерді шешу жолдарын қалыптастырудың негізіне айналуы тиіс.

Дағдарысқа қарсы тұру жағдайында өңірдің экономикалық көрсеткіштерді жақсарту негізінде ғана тұрақты болып санала алмайды. Тұрақты даму оң динамикалы – көрсеткіштер мен шарттардың тұтастай кешенінің жиынтығын қамтыған өмір сүрудің жоғары сапасына қол жеткізуді мақсат етуі тиіс.

Қазіргі таңда кез келген қала аумағында біз әлеуметтік-экономикалық үдерістердің үш басты қатысушыларын көре аламыз: жергілікті қоғамдастық (жергілікті өзін-өзі басқарудың құзырлы органдары), кәсіпорын және мемлекет (өңірлік және республикалық басқарудың құзырлы органдары). Әрбір қатысушының өзінің құқығы, өзінің қызығушылығы және өзінің ресурстары бар.

Әрбір экономикалық дағдарыс, әсіресе қалыптасудың және дамудың өзгеше ерекшеліктері бар бір салалы территориялар экономикасын айтарлықтай теңестіреді. Олар әлеуметтік және экономикалық құлдырауларға неғұрлым сезімтал болып келеді, соған сәйкес ғалымдардың, сарапшылардың, билік құрылымдары өкілдерінің тарапынан өздеріне деген жоғары назар аударылуын талап етеді. Бір салалы қалалардың туындауы әлемдегі индустрияландырудың және ірі компаниялардың пайда болуына алып келді.

Нәтижесінде дүниежүзіндегі жалпы макроэкономикалық оқиғалар өзгерістері (әсіресе, дағдарыстық құлдыраулар кезеңінде) көптеген мұндай қалаларды құрушы кәсіпорындар тиімді болмай қалды, ал қаланың өздері көптеген экономикалық және әлеуметтік мәселелермен ұшырасып, іс жүзінде түрткілеу шегінде қалып қойды [1].

Қазіргі уақытта дүниежүзінде бір салалы қоныс-мекендердің мәселелерін шешудің жеткілікті түрдегі үлкен тәжірибесі жинақталған.

Тұрақты даму феномені – БҰҰ деңгейінде қабылданған адамзаттың өмір сүруі мен «басқарылатын» жаһандану мен өзге де жаһандық процесстердің деңгейіне шығу стратегиясы. Тұрақты даму мақсаттары мен қағидаларын іске асыруға бүкіл өркениеттің үшінші мыңжылдықтағы болашағы, оның тағдыры тәуелді болады.

Тұрақты даму – әлемдік қауымдастықтың дамуы оның өмір сүруін ғана емес, адамзаттың одан ары қарай тіршілік етуінің социо-табиғи қарама-қайшылықтарының өткірліктерін жоюды да қамтамасыз ететін жаңа жаһандық моделі.

Тұрақты даму туралы замануи ұғымдардың пайда болуының алғышарттарын айта кетейік:

- ♦ экономикалық алғышарттар (табиғи-ресурстық әлеуеттің азаюы, «тұтыну философиясы» үстемдігінің өміршең еместігін, дамушы және дамыған елдердің (өңірлердің) экономикалық дамуының диспропорциясы;

- ♦ экологиялық алғышарттар (қоршаған орта деградациясының өршуі – ландшафт беті тұтастығының техногенді бұзылуы, флора мен фаунаның түрлік сан алуандылығының азаюы, т.б.); әлеуметтік алғышарттар – экономикалық іс-әрекетте әлеуметтік құраушының артуы.

Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық даму тұрақтылығының, теңгерімділігінің және пропорционалдылығының арасында тығыз өзара байланыстың бар екендігін айта кету керек. Мемлекеттік өңірлік саясат ҚР теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық ахуалы мен өмір сапасындағы өңіраралық дифференцияны қысқартуға бағытталған. Өңірлердің теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсатты бағдарларының бірі ретінде өңірлік саясаттың келесі бағыттарын бірегей етуді қажет етеді:

- ♦ өңірдің бірегей бәсекелестік артықшылықтарын ескере отырып, ҚР экономикалық өсімінің жаңа орталықтарын құру негізінде экономикалық дамуды ынталандыру;

- ♦ кеңістіктік дамудың басымдықтарын, ресурстық және демографиялық шектеулерді ескере келе, өңірлердегі мемлекеттің инфрақұрылымдық инвестициялары мен бизнестің инвестициялық стратегияларын үйлестіру;

- ♦ әлеуметтік және бюджеттік саясаттың тиімді механизмдерінің көмегімен өмір сүру деңгейі мен сапасындағы дифференцияны қысқарту [2].

Өңірлер экономикасының теңгерімділігі өңірлік әлеуметтік-экономикалық жүйенің әртүрлі элементтерінің танылған, жоспарлы белгіленген өзара байланыстарын білдіре отырып, пропорционалдылық көріністерінің бір формасы болып табылады. Өңірлер экономикасының теңгерімді қызмет етуі еңбектің территориялық бөлінуін дамыту мен жетілдіруді, бүкіл өндірістік процесстің өңірлік пропорцияларын рационалдау мен оңтайландыруды көздейді. Өңірдің тұрақты дамуындағы пропорционалдылықтан күрделі өңірлік әлеуметтік-экономикалық жүйенің компоненттері мен әрбір компонентті құрайтын элементтерді, сонымен қатар өңіраралық қатынастар арасындағы қатынасты орнату түсіндіріледі.

Тұрақты экономикалық дамудың пропорционалдылығы экономикалық іс-әрекеттің жеке-леген түрлерінің оңтайлы қатынасын, өнімділік күштерінің орналасу заңдылықтарын, олардың территориялық ұйымдасуын, өңірлер экономикасының кешенділігін көздейді. Даму диспропорциясының пайда болуы өңірдің тұрақты даму стратегиясын іске асыруда қосымша қиындықтарды тудырады.

Біздің ойымызша, өңірдің тұрақты дамуының кешенді тәсілі орынды болып табылады. Бұл тәсіл институционалдық, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және қаржылық тұрақтылықты көздейді. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету институттарға әртүрлі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді, соның ішінде клиенттерге ұсынылатын қызметтердің түрі мен бағасын анықтау, олардың аясын кеңейту, стратегияны әзірлеу, клиенттік базаны кеңейту, ұйымдық мәселелерді шешу сол арқылы іскерлік белсенділіктің артуына ықпал ету.

Ол өз кезегінде экономиканың материалдық және материалдық емес игіліктерді өндіру жөніндегі мүмкіндіктерін кеңейтеді [3]. Кейбір ғалымдар территориялық құрылымдардың қаржылық тұрақтылығын территориялық құрылым ішінде қаржылық лектердің кіріс легі мен шығыс легінің теңгерімін сақтай отырып, олардың тиімді қызмет етуі есебінен тұрғындар өмірінің сапасын жақсарту қамтамасыз етіледі. Сөйтіп, өңірдің қаржылық тұрақтылығы, ең бірінші кезекте оның тұрақты дамуы үшін өңірдің әлеуметтік-экономикалық жүйенің ішінде қаржылық лектердің тиімділігімен және теңгерімділігімен сипатталады. Осы ретте қаржылық тұрақтылық былай анықталады: қаржылық лектердің теңгерімділігімен; тұрғындардың қаржылық институттарға сенім артуымен; міндеттерді шешу мүмкіндігімен [4].

Қазақстан өңірлерінің тұрақты дамуын басқару – басқару субъектісінің адам әлеуетін қалыптастыруының, орынды пайдаланудың, дамыту мен қорғаудың шарттарын қамтамасыз ету мақсатында өңір шеңберіндегі экономикалық, социодемографиялық, техникалық-технологиялық, экологиялық және өзге де процесстерге мақсатты әсер ету мағынасын білдіреді. Өңірлердің тұрақты дамуына қатысты реттеудің мақсаты әлеуметтік-экономикалық процесстерді реттеу, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық жүйенің қызмет ету белгілі-бір тұрақтылығы мен параметрлерінің қажетті деңгейін ұстап тұру болып табылады. Үйлестіру тұрақты дамудың мақсаттарына оңтайлы жету үшін өңірлердің әртүрлі факторлар әрекетінің бірлігін қамтамасыз етуден байқалады, әлеуметтік-экономикалық жүйенің қызмет етуінің тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Осы ретте аталмыш жүйенің элементтері тек бір бөлігінде ғана өзгереді [5].

Механизмдердің біреуін ғана емес, жиынтығын пайдалану қажеттілігі өзара байланысқан басқарушылық қызметтердің сан алуандылығымен байланысты. Олардың арасында реттеу мен үйлестіру сияқты қызметтерді ерекше атап кету керек. Өңірлердің тұрақты дамуы жұмыста тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің осы және болашақ ұрпақтың мүдделерін ескере отырып, тіршілігінің маңызды салаларында үйлесімді оң өзгерістермен сипатталатын және ҚР құрамында ұлттық қауіпсіздіктің ішкі және сыртқы қатерлеріне қарсы тұру қабілеті бар өңірлердің қызмет ету тәртібі деп анықталған. Тұрақты даму өңірдің әлеуметтік бағытталған экономика градиентінің гуманистік бағытын көздейді. Осы ретте өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің ұдайы өндірісі теңгерімді жүзеге асырылады, әлеуметтік-экономикалық жүйенің құраушылары арасындағы пропорциялар сақталады, «өңір» жүйесінің экономикалық және әлеуметтік тиімді көрсеткіштері шамасының тұрақтылығы ұсталады. Бұл жерде экономикалық көрсеткіштердің белгіленген тұрақтылығын ұстап тұру ретінде тұрақты және экономикалық өсімнің өспелі, шекті көрсеткіштерін ұстап тұру ретінде динамикалық тұрақтылық қамтамасыз етілуі тиіс. Тұрақты даму жағдайында экономикалық өсім өндіріс пен табыстың артуын және өңірлік жүйенің институционалды, табиғи-экологиялық, әлеуметтік компоненттеріндегі прогрессивті өзгерістерді қамтиды [6].

Адамдық әлеует әлеуметтік тиімділіктің салдары ретінде өмір сүру сапасының тек белгілі-бір деңгейінен бастап қалыптасады. Осыған байланысты мемлекеттік басқарудың, соның ішінде реттеушілік әсер ететін іс-шаралар жиынтығы қажет. Өңірдің тұрақты дамуы мәселесіне қатысты түсініктік-терминологиялық аппаратты талдау бізге келесі тұжырымдарды жасауға мүмкіндік берді: өңірдің тұрақты дамуын басқару мәселесі трансдисциплинарлығымен сипатталады; тұрақты даму стратегиясы өңірлік әлеуметтік-экономикалық жүйенің әлеуметтік, шаруашылық және экологиялық құраушыларының үйлесімін көздейді; өңірлік әлеуметтік-экономикалық жүйенің тұрақты дамуын басқару моделі антропоцентрлі болуы тиіс және де осы болашақ ұрпақтың мүдделері мен қажеттіліктерін ескеру қажет.

Қазақстан өңірлерінің тұрақты теңгерімді дамуының анықтамаларын басшылыққа ала отырып, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және экологиялық процесстерді бөлуге болады. Алайда әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу мен қоршаған ортаны сақтаудың маңызы орасан зор. Сонымен қатар, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейіне ықпал ететін көптеген факторларды атауға болады. Оларды үлкен екі топқа бөлеміз: ішкі және сыртқы факторлар тобы. Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына көптеген факторлар ықпал ететін болғандықтан, олардың ҚР аясында дамуы аса бірыңғай емес болып табылады [7].

Экономикалық жүйелерді қайта құру кезінде дамудың келесі негізгі сценарийлері орын алуы мүмкін: экономиканың техникалық-технологиялық және ұйымдық негіздерін көп

өзгерістерге ұшыратпастан, табиғи ресурстарды экстенсивті пайдалану; өзгертілетін құрылымдардың экономикалық тиімділігін арттыруға қабілетті шетелдік инвестициялар мен технологияларды тарту; бағдарлау және бірінші кезекте технологиялық және әлеуметтік-экономикалық ішкі резервтер мен ресурстарды пайдалану. Алайда кез-келген нұсқада да экономикалық, әлеуметтік және табиғи-ресурстық әлеуеті өзгерістердің формалары мен жылдамдығын анықтайтын басты факторлар болып табылады. Бұл жердегі маңызды әдістемелік міндет тұрақты теңгерімді даму траекториясы бойынша жүйенің өңірлік-экономикалық қозғалысын қамтамасыз ететін факторлар қатарына жатады. Тұрақты дамуды қамтамасыз етудің маңызды мәселесі өңірлік дамуына ықпал ететін әрекеттердің көзі өзінің мақсаттары мен мүдделерін негізге ала отырып, өз бетінше басқарушылық шешімдерді қабылдайтын алуан түрлі субъектілер болып табылады. Мұндай субъектілердің қатарында – республикалық және жергілікті билік органдары, корпорациялар, қоғамдық ұйымдар бар. Өңірлік жүйелердің тұрақты дамуының тәсілінде дамуы тиіс қағидалар мыналарды қамтиды: әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы өзгерістердің негізделген сипаты; өңірлік қатынастардың барлық субъектілерінің мүдделерін қорғау; өңірдегі экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелердің қарама-қайшы келмеуі. Қазақстан өңірлерінің тұрақты даму мәселелерін табысты шешу үшін негізгі факторлар мен оларды қолданудың міндетті шарттарын бөліп қарау керек. Негізгі факторлар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының әлеуетін анықтайды, атап айтқанда: еңбек ресурстары факторының болуы мен ахуалы; табиғи ресурстар факторының тобы; өндірістік ресурстар факторларының тобы. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің тұрақты дамуын арттыру көп жағдайда өңірдің экономикалық әлеуетін тиімді пайдалануды арттырумен байланысты. Мысалы, ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру факторлары олардың саны мен сапасының өзгеруіне алып келеді. Ғылыми-өндірістік факторлар табиғи ресурстарды пайдаланудың тиімділігін қамтамасыз етуі мүмкін [8].

Еңбек факторлары өндіріс тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге жол ашады. Өз кезегінде қаржылық факторлар еңбек әлеуетін жандандыру арқылы табиғи ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Өңірдің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық саласын дамыту үшін мақсаттарды басшылыққа ала отырып, ынталандырушы әрекет ететін құралдар мен өңірлік әлеуметтік, экономикалық және экологиялық жүйені жандандырушы ықпалының ниеттемелік құралдарын пайдалану керек. Қазақстан өңірлерінің тұрақты дамуын ынталандырудың мақсаттары мыналардан тұруы керек:

1) өңірлер дамуын салыстырмалы ынталандырудың мемлекеттік өңірлік саясатының мақсаттарынан;

2) мақсатқа қол жеткізу үшін ішкі резервтерді салыстырмалы түрде арттыруға қатысты тұрақты даму ниеттемелерінің мақсаттары. Өңірдің мамандану саласын анықтайтын экономикалық факторлар өңірлік өзара байланыстарға, инновацияларды ендіру мен инвестициялар тартуға ықпал ететін факторлар маңызды орын алады, сонымен қатар бүкіл өңірдің кәсіпорындары мен мекемелерін дамытуда қаржылық ықпал ету мүмкіндіктеріне ықпал етеді [9].

Дүниежүзілік тәжірибеде бір салалы қалалардың жағдайларын тұрақтандыру үшін республикалық (орталық) және өңірлік (жергілікті) деңгейде жүзеге асырылатын мемлекеттік қаржылық қолдау жасаудың екі бағыты орнықтырылған.

1. Өндірісті дамыту, тұрғындардың жұмыспен қамтылуы мәселелерін шешу мақсатында қаланы құрушы кәсіпорындарды қолдау. Қазақстан Республикасының әрекет етуші салық және алым туралы заңнамалары мен бюджеттік заңнамалары шеңберіндегі қаланы құрушы кәсіпорынды мемлекеттік қолдаудың республикалық шараларына мыналарды енгізуге болады: бір салалы қалалар территорияларына республикалық салық бойынша инвестициялық салық несиелерін беру және салықты төлеу мерзімін ұзарту; кәсіпорындардың несиелері бойынша пайыздарды төлеу жөніндегі шығындардың бір бөлігінің орнын толтыруға субсидиялар ұсыну; бір салалы қалалар территорияларындағы кәсіпорындарға банкі несиелері бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру.

2. Бюджеттік қызмет көрсетудің қажетті деңгейін сақтау мақсатында бір салалы қалалар бюджеттерін қолдау. Бір салалы қалалардың бюджеттерін мемлекеттік қолдаудың республикалық шараларына мыналар кіреді: республикалық бюджеттен бюджеттік несиелер беру және жергілікті бюджеттердің теңгерімділігіне өтемақылар бөлу кезінде бір сала-

лы қалаларды қолдау қажеттілігін есепке алу; мемлекеттік-жеке меншіктік серіктестікті дамыту, атап айтқанда мемлекеттік меншіктің күрделі құрылыстары объектілерін қосалқы қаржыландыруға, жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылатын бюджеттік инвестицияларға жергілікті бюджеттен субсидиялар беру формасындағы әр түрлі инвестициялық қорлардың қаражаты есебінен өңірлік маңызы бар инвестициялық жобаларды жүзеге асыру; жергілікті жерде нарық еңбегі қарқындылығын төмендетуге, шаруа (фермерлік) қожалықтарын кіріктіре отырып, шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауға бағытталған қосымша іс-шараларды жүзеге асыруға республикалық бюджеттен субсидиялар ұсыну.

Қорыта келгенде, әлемдік жағымсыз экономикалық ахуал салдарынан кейбір дамушы елдерден инвестициялардың кетуі, ықтималдығының арту барысында, олардан сабақ алып еліміздегі өңірлердің қызметін жетілдіру өте маңызды болып табылады. Экономикалық климатты жақсартуға бағытталған «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты аясында индустриаландырудың әр кезеңінде өңірлерді дамыту үшін әлеуеттерді іске асыру, формальды кедергілерді жою, инвестициялар үшін ынталылық жасау арқылы тартымдылығын арттыру қарастырылды.

Тұтастай алғанда өңірлерде басқару жүйесін жетілдіріп, сол арқылы инвестициялық климатты жақсартуға, аймақтардағы әлеуметтік ахуалды арттыру көзделеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мырзалиев Б.С. Актуальные проблемы социально-экономического развития малых и монопрофильных городов // Научный журнал МКТУ им. Х.А. Яссауи «Хабаршы». – 2012. – № 3(78). – С. 278–284.
- 2 Гущин А.Н. Теория устойчивого развития города: учеб. пособие. – УралГАХА, 2011. – 131 с.
- 3 Большаков Б.Е. Наука устойчивого развития. Книга I. Введение. – М.: РАЕН, 2011. – 272 с.
- 4 Судьин К.Н., Мutowин С.И. Инструменты устойчивого развития северных территорий: опыт региональных исследований: монография. – Сибирский федеральный университет, 2014. – 134 с.
- 5 Андрианова Т.В. Глобальное мировоззрение: учеб. пособие. – М.: Директ-Медиа, 2014. – 281 с.
- 6 Розенберг Г.С., Черникова С.А., Краснощеков Г.П., Крылов Ю.М., Гелашвили Д.Б. Мифы и реальность «устойчивого развития» // Проблемы прогнозирования. – 2009. – № 2. – С. 130–154.
- 7 Цапиева О.К. Устойчивое развитие региона: теоретические основы и модель // Проблемы современной экономики. – 2010. – № 2(34).
- 8 Экология и устойчивое развитие: науч.-вспомогат. библиогр. указ. / Российская гос. б-ка / сост.: В.П. Зарайская, Т.Е. Ксензова, А.А. Ермак. – М.: Пашков дом, 2010. – 416 с.
- 9 Агабекова Г.Н., Коптаева Г.П., Агабекова Ш.Н. Қазақстанның аймақтарын тұрақты дамуын қамтамасыз ету мәселелері // «Тұран» университетінің хабаршысы. – 2017. – № 4 (75).

Аннотация

В статье на основе теоретических изысканий предложены направления и выделены приоритеты достижения устойчивого социально-эколого-экономического развития регионов. Парадигма устойчивого развития, предполагающая динамичный процесс непрерывных позитивных изменений, который уравнивает экономические, социальные и экологические аспекты, должен стать основой для формирования подходов к решению проблем территориальных единиц, в частности, регионов Казахстана. В последнее десятилетие трудности и проблемы принуждали регионы вводить особые методы управления, которые касались особых административных мер контроля над предприятиями, концентрации контроля над финансовыми потоками, регулирования ценообразования, ввоза и вывоза продукции, разработки специальных инвестиционных программ. Последствия этих действий были как позитивные, так и негативные, одним из негативных последствий стала деформация правового и экономического пространства страны. В предлагаемой статье рассматриваются основные проблемы устойчивого развития и пути совершенствования управления региональной экономической системой. При обсуждении основной теории региональной экономики в контексте устойчивого развития предложен ряд инструментов пространственно-экономических исследований для определения основных факторов устойчивого развития региона.

Ключевые слова: региональная политика, стратегия, реформы, устойчивое развитие, контроль, факторы, инвестиции.

Abstract

On the basis of theoretical research, directions and priorities for achieving sustainable socio-ecological and economic development of the regions were proposed in the article. The paradigm of sustainable development, which assumes a dynamic process of continuous positive changes that balances economic, social and environmental aspects, should become the basis for the formation of approaches to solving the problems of territorial units, in particular the regions of Kazakhstan. In the last decade, the difficulties mentioned above forced the regions to introduce special management methods that concerned: special administrative controls over enterprises; concentration of control over financial flows; regulation of pricing, import and export of products; development of special investment programs. Once again, the consequences of these actions were both positive and negative, one of the negative consequences was the deformation of the country's legal and economic space. The proposed article examines the main problems of sustainable development and ways to improve the management of the regional economic system. Discussing the basic theory of the regional economy in the context of sustainable development, a number of spatial and economic research tools have been proposed to determine the main factors of the region's sustainable development.

Key words: regional policy, strategy, reforms, sustainable development, control, factors, investments.